

Атырау ауылдық округі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Атырау облысы Атырау қаласы Атырау ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 19 қарашадағы № 481 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының, 7-тармағына және Атырау облысы Атырау қалалық аумақтық инспекциясы басшысының 2025 жылғы 19 қарашадағы № 08-5/604 И ұсынысы бойынша, Атырау ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІМ:

1. Мүйізді ірі қара мал арасында инфекциялық ринотрахеит ауруының пайда болуына байланысты Атырау ауылдық округі территориясына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Атырау ауылдық округінің әкімі

Н. Халмурзин